

"Облыстар және субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлуін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 08-2/291 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011 жылғы 1 қарашадағы № 08-2/624 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 8 қарашада № 7290 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 252 қаулысымен бекітілген Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасының 7-тармағына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Облыстар және субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлуін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7034 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 27 мамырдағы № 342-343 жарияланған) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 08-2/291 бұйрығына
м ы н а д а й ө з г е р і с е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген облыстар бөлінісінде және субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлу осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаменті (Р.А. Токсеитова) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін (М.Т.Өмірияев).

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбектік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы *Е. Аман*

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2011 жылғы 1 қараша
№ 08 - 2 / 624 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2011 жылғы 27 мамырдағы № 08-2/291
бұйрығымен бекітілген

**Облыстар және субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы
өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға республикалық
бюджетте көзделген қаражатты бөлу**

Облыстар	Шығыс баптары (мың теңге)					
	Сиыр еті	Шошқа еті	Қой еті	Жылқы еті	Қымыз	Шұбат
Ақмола	117337,0	15452,0	2286,0	3627,0	5569,0	605,0
Ақтөбе	99140,0	113444,0	4300,0	3680,0	1320,0	
Алматы	182000,0	60010,0	25000,0	28191,0	11743,0	24750,0
Атырау	45239,0	1200,0	5716,0	2058,0		7414,0
Шығыс Қазақстан	523425,0	75579,0	22329,0	30544,0	24149,0	
Жамбыл	37166,0	9455,0	15950,0	3894,0	6300,0	1578,0
Батыс Қазақстан	292821,0	10502,0	5750,0	13418,0	3106,0	825,0
Қарағанды	130160,0	326050,0	87149,0	121512,0	77416,0	
Қызыл-орда	10826,0		3296,0	828,0	1432,0	880,0
Қостанай	250000,0	25725,0	380,0	2311,0	635,0	
Маңғыстау			1905,0	772,0		17600,0
Павлодар	249628,0	127183,3	22700,0	36062,0	18990,0	
Солтүстік Қазақстан	94100,0	140331,0		5750,0	2100,0	
Оңтүстік Қазақстан	27500,0	28774,0	18205,0	12200,0	7830,0	2000,0
Барлығы:	2059342,0	933705,3	214966,0	264847,0	160590,0	55652,0

кестенің жалғасы

Биязы жүн	Құс еті	Күрке тауық еті	Жұмыртқа	Сүт	Шыры және ірі азықтар	Жиыны
	23100,0		922646,0	294031,0	55377,0	1440030,0
	85800,0		222472,0	40222,0	36000,0	606378,0
69210,0	3386332,0		1315906,0	741697,0	231336,0	6076175,0
				3180,0		64807,0

2625,0	1207140,0		107100,0	681757,0	219380,0	2894028,0
39382,0			75244,0	47831,0	46894,0	283694,0
2168,0			190209,0	33056,0	122252,0	674107,0
	253995,0		694264,0	86480,0	132988,0	1910014,0
				88900,0	18230,0	124392,0
	65620,0		566504,0	457992,0	86845,0	1456012,0
						20277,0
			270018,7	333788,0	89595,0	1147965,0
	38400,0		545669,0	611016,0	42043,0	1479409,0
9977,0	128918,0	116289,0	242418,0	56115,0	11741,0	661967,0
123362,0	5189305,0	116289,0	5152450,7	3476065,0	1092681,0	18839255,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК